

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2002 жылғы 21 маусым N 895

"Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасын сақтауы мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 2 сәуірдегі N 839 U020839_ Жарлығына сәйкес және мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілік деңгейін көтеру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

- 1) күші жойылды - ҚР Президентінің 29.08.2014 № 900 Жарлығымен;
- 2) күші жойылды - ҚР Президентінің 29.12.2015 № 152 Жарлығымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі);
- 3) күші жойылды - ҚР Президентінің 29.12.2015 № 152 Жарлығымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 29.08.2014 № 900; 29.12.2015 № 152 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен бірлесіп тәртіптік кеңес өкілеттіктері қатарында жергілікті атқарушы, аумақтық мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару және мемлекеттік ұйымдарда тәртіптік жауапкершілікке әкеп соғатын, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасаған және Қызмет этикасы ережесін бұзған лауазымды тұлғаларға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті өзге де тұлғаларға және оларға теңестірілген тұлғаларға, сондай-ақ тәртіптік жауапкершілікке әкеп соғатын, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасаған аумақтық құқық қорғау органдарының және арнаулы қызметтердің лауазымды тұлғаларына қатысты тәртіптік істерді қарауды көздей отырып, облыстың, Астана және Алматы қалаларының тәртіптік кеңесі туралы жаңа үлгідегі ереже әзірлесін және бекітсін;
өз актілерін осы Жарлықпен сәйкес келтірсін.

3. Облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері тәртіптік кеңестер қызметінің тиімділігін арттыру, оларды ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық нығайту шараларын қолданатын болсын.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің
Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар :
Қасымбеков Б.А.

Омарбекова А.Т.